

Бекітемін: 
Мектеп директоры
Умирзакова Ш.К.



Педагог-психологтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы
№ 68 бұйрығы негізінде құрылды.

Түсінік хат

Еліміздің болашағы – ұрпақ тәрбиесінде, өркениет қоғам мен құқылы мемлекеттің қалыптасуы өскелең ұрпақтың рухани байлығы мен мәдениеттілігін, еркін ойлау қабілеті мен шығармашылығын, кәсіби біліктілігін қажет етеді. Сонау көне заманнан бастап, қазіргі кезеңге дейін, болашақта қоғам алдында тұрған ең бір жауапты міндет - қоғам мүшелерін адамгершілікке, отаншылдық қасиетке тәрбиелеп, тиянақты білім беру. Мұндай жетістіктерге жету үшін, оқу - тәрбие үрдісімен бірге психологиялық қызметте жан - жақты қамтылып, жоспарлы түрде жүргізілуі керек. 2023 - 2024 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары.

Психологиялық қызмет жоспары оқушылармен, мұғалімдермен, ата - аналармен жұмыс негізінде құрастырылды. Жоспар барысында диагностикалық жұмыстар, түзету – дамыту жұмыстары, кеңес беру жұмысы, ағартушылық жұмыстары, әлеуметтік диспетчерлік жұмыс бағыттары жүзеге асырылады. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық шаралар, тренингтер, сауалнамалар, зерттеу әдістемелері тәрізді жұмыс түрлері ұйымдастырылады.

Психологиялық қызметтің мақсаты – оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

- Білім алушының жас ерекшелігіне қарай оқыту, тәрбиелеу және рухани адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасай отырып, психологиялық денсаулығын қамтамасыз ету.

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- *Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

- *Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

- *Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру (алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Ата – анамен жұмыс жасаудың мақсаты:

- Білім алушы мен ата – ана арасында тығыз достық қарым – қатынас құруына жағымды әсер ету, жалпы кластың білімі мен даму процесіне ата – ананы баулу.

Мұғалімдермен жұмыстың мақсаты:

- Білім алушылардың дамуындағы психологиялық - педагогикалық мәселелерді бірігіп шешу.
- Білім алушының білім алуы мен дамуын қалыптастыруына ықпал ететін әлеуметтік – психологиялық ортаны жобалау және жүзеге асыру.

Психологиялық қызметтің жұмысы төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

Психологиялық диагностиканың мақсаты:

- Баланың тұлғалық немесе интеллектуалдық дамуындағы құндылықтарды анықтау. Психологиялық диагностика мәселені анықтау, жеке немесе топтық жоспарлау, әдістемелік құралдарды таңдау сатылары бойынша жүзеге асады.

Психологиялық түзету - дамыту жұмысының мақсаты:

- Білім алушының бойында «мен» тұжырымдамасын қалыптастыра отырып, психологиялық қолдау беру және жетістік ситуациясын орнату. Психологиялық диагностика жұмысының нәтижесі бойынша түзету - дамыту жұмысы жүргізіледі.

Психологиялық алдын – алу жұмысының мақсаты:

- Жасөспірімдердің психологиялық, эмоционалдық күйін реттей білу, зиянды әрекеттерден бойын аулақ ұстауға қалыптастыра отырып, салауатты өмір салтын ұстануға баулу.

Психологиялық кеңес беру жұмысының мақсаты:

- Білім алушы, ата – ана және педагогикалық ұжымға күнделікті туындайтын қиындықтарды шешуге және өзін – өзі жетілдіруге көмектесу. Психологиялық кеңес беру оқу мәселесі, жас ерекшеліктеріне байланысты туындайтын мәселелер, өзара қарым – қатынас құру, кәсіптік бағдар т.б. мәселелерге байланысты жүргізіледі.

Әдістемелік, әлеуметтік-диспетчерлік қызмет жұмысының мақсаты:

- Педагогикалық үрдіске қатынасушылардың психологиялық мәдениетін көтеріп, психологиялық білімге жұмылдыру шараларын ұйымдастыру.

№ р/с	Іс-шаралар	Жұмыс бағыттары	Нысанана лы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауаптылар	Орындалуы туралы белгі
I. Диагностикалау							
1	Керн Иерасек- Бейімделуін зерттеу	диагностика	1 класс	Қыркүйек	Оқушылардың мектепке оқуға бейімделуіне қолдау көрсету	Педагог- психологтар	Хаттама

2	Басса-Дарки әдістемесі бойынша оқушылардың агрессия деңгейін анықтау	диагностика	8-11 кл	1-тоқсан қыркүйек-қазан	Агрессия деңгейі жоғары оқушылармен профилактикалық жұмыс	Педагог-психологтар	Хаттама ҚББ есеп
3	Танымдық процестер	диагностика	ЕББҚ-оқушылар	Қыркүйек	ЕББҚ оқушыларының танымдық процессін зерттеу	Педагог-психологтар	Хаттама
4	Дарындылық тесті	сауалнама	2-11 класс	қыркүйек-қазан	Оқушының белгілі бір кәсіп түріне бейімділігін, шығарма-шылық даму деңгейін, әлеуметтік қабілеттерін анықтау.	Педагог-психологтар	Хаттама
5	Н.Г.Лусканов тесті	диагностика	5,10-класс	қазан	Оқу мотивациясын анықтау	Педагог-психологтар	Хаттама
6	«Аңдар мектебі»	диагностика	1-класс	Қазан	Оқушының бейімделу кезіндегі мазасыздық деңгейін анықтау	Педагог-психологтар	Хаттама
7	Филлипс әдістемесі бойынша оқушыларда мазасыздықты анықтау	диагностика	5-7 кл	2-тоқсан қараша	Мазасыздық деңгейі жоғары оқушылармен профилактикалық жұмыс	Педагог-психологтар	Хаттама ҚББ есеп
8	DASS әдістемесі бойынша оқушыларда мазасыздық, стресс, депрессияны анықтау	диагностика	8-11 кл	2-тоқсан қараша-желтоқсан	Мазасыздық, стресс, депрессия анықталған оқушылармен жеке жұмыс	Педагог-психологтар	Хаттама ҚББ есеп
9	Социометриялық анкета	диагностика	класс жетекші сұранысы	қараша	Кластың әлеуметтік жағдайын анықтау	Педагог-психологтар	Хаттама
	Кәсіби бағдар тесттері: 1. Климов әдістемесі 2. Голланд әдістемесі 3. Голомшток картасы	диагностика	9-11 класс	Желтоқсан	Кәсіби мамандыққа бағыт-бағдар, бейімділігін анықтау	Педагог-психологтар	Хаттама
4	Ч.Д.Спилбергер әдістемесі бойынша оқушылардың жеке және ситуативті мазасыздығын анықтау	Диагностика	8-11 кл	3-тоқсан Қаңтар-Ақпан	Жеке және ситуативті мазасыздық жоғары оқушымен профилактикалық жұмыс	Педагог-психологтар	Хаттама ҚББ есеп
5	Басса-Дарки, Спилбергер, Филлипс, DASS әдістемелері	Диагностика	5-7 кл 8-11 кл	4 тоқсан	Спилбергер әдістемесі бойынша оқушылардың жеке және ситуативті мазасыздығын анықтау	Педагог-психологтар	Хаттама ҚББ есеп

	бойынша анықталған оқушылармен динамиканы анықтау мақсатында қайта диагностикалау. (тек анықталған оқушылармен)						
6	2.Біліктілікті зерттеу (Э.Ф.Замбавичене әдістемесі) 3.Танымдық процестерді зерттеу (көріп және естіп есте сақтау, зейін, ойлау)	диагностика	0, 4- класс	Сәуір айы	Танымдық қабілеттерді зерттеу.	Педагог-психологтар	Хаттама № Хаттама № Консилиум
7	1. Танымдық процестер	диагностика	ЕББҚ-оқушылар	Мамыр айы	ЕББҚ оқушыларының танымдық процессін зерттеу мониторингі	Педагог-психологтар	Хаттама №
II. Түзету-дамыту жұмысы							
1	ЕББҚ-оқушылармен психологиялық қолдау	Түзету дамыту сабақтары	ЕББҚ-оқушылар	Жыл бойы	ЕББҚ-оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту	Педагог-психологтар	Хаттама №
2	«Тәуекел тобы» оқушыларымен психологиялық жұмыс	Тренингтер, әдістемелер	Тәуекел тобы	Жыл бойы	«Тәуекел тобы» оқушыларының өмірге, оқуға құлшынысын арттыру, жағымды ой-пікірлерін қалыптастыру.	Педагог-психологтар	Хаттама №
	«Дарынды» оқушыларды психологиялық қолдау	Тренингтер, әдістемелер	Дарынды оқушылар	Жыл бойы	Табиғи дарындылығы, қабілеті бар оқушыларды анықтау, білім, білік, дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, қолдау жасау	Педагог-психологтар	Хаттама №
3	Диагностика нәтижесінде анықталған оқушылармен жұмыс	Психологиялық тренинг	1-11 класс	Жыл бойы	Диагностика нәтижесінде анықталған оқушылармен психологиялық жұмыс	Педагог-психологтар	Хаттама №
4	«Бейімделу нығайту»	Психологиялық сабақ	1,5,10, жаңа келген оқушылармен	Жыл бойы	Бейімделу кезінде қиындық байқалған оқушыларды психологиялық қолдау, дамыту.	Педагог-психологтар	Хаттама №
5	«Мен және менің болашақ мамандығым»	Психологиялық сабақ	9-11 класс	Желтоқсан	Кәсіби ой-ниетті қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасау.	Педагог-психологтар	Хаттама №
6	«Сезімдер хикаясы»	тренинг	6-10 класс	Қаңтар	• өз сезімін басқара білуге үйрету; • басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенің	Педагог-психологтар	Хаттама №

					қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.		
7	«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?»	тренинг	6-8 класс	Сәуір	Қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктері.	Педагог-психологтар	Хаттама №
III. Профилактика және психологиялық ағарту							
1	«Сәлем мектеп-бұл мен»	Психологиялық сабақ	1-класс	Қыркүйек-казан	Бірінші сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік даму жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау жасау.	Педагог-психологтар	Хаттама №
2	«Мектепке оқуға бейімделу»	Ата-аналар жиналысы	1,5,10 класс	Қыркүйек	Мектепке оқуға бейімделу кезеңінде оқу – тәрбие үрдісіндегі үйлесімділік.	Педагог-психологтар	Хаттама №
3	«Ертегілер еліне саяхат»	Сынып сағаты	1-сынып	Қыркүйек	Танымдық сфераны қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
4	Сіз нағыз доссыз ба?	Сынып сағаты	2-сынып	Қыркүйек	Ұжымда достықты қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
5	«Менің отбасы»	Сынып сағаты	3-сынып	Қыркүйек	Отбасы құндылығын түсіндіру	Педагог-психологтар	Хаттама №
6	«Мен әлеміне ену»	Сынып сағаты	4-сынып	Қыркүйек	Оқушының өзіндік менінің қалыптасуына жағдай жасау	Педагог-психологтар	Хаттама №
7	«Ұлдар мен қыздар-екі әлем»	Сынып сағаты	5-сынып	Қыркүйек	Оқушылардың өзара қарым-қатынастағы достық ұғымының орны.	Педагог-психологтар	Хаттама №
8	«Интернеттегі қауіпсіздік»	Сынып сағаты	6-сынып	Қыркүйек	Интернеттегі әртүрлі ойындар мен акпараттар қауіптілігінің алдын алу	Педагог-психологтар	Хаттама №
9	«Бесінші сынып оқушыларының бейімделуі»	Психологиялық сабақ	5-класс	Қыркүйек-казан	5-ші сынып оқушыларына орта мектепте оқуға бейімделулеріне психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.	Педагог-психологтар	Хаттама №
10	«Жеке тұлға құзіреттілігін дамыту»	Психологиялық сабақ	10-класс	Қыркүйек-казан	Психологиялық тренингтер жоғары буынға қайта бейімделу кезіндегі 10-сынып оқушыларының қоғамдық ортаға қалыптасуындағы түрлі кедергілерінің алдын алу.	Педагог-психологтар	Хаттама №
11	«Қалай табысты болуға болады»	Сынып сағаты	7-сынып	Қазан	Оқушылардың жетістікке жету мотивациясын қолдау	Педагог-психологтар	Хаттама №
12	«Қатыгездік пен зорлық-зомбылық, оларға қалай қарсы тұру керек»	Сынып сағаты	8-сынып	Қазан	Қатыгездік пен зорлық-зомбылықты болдырмау жолдары және жою.	Педагог-психологтар	Хаттама №
13	«Мен және менің болашақ»	Сынып сағаты	9-сынып	Қазан	Мамандыққа бағыт-бағдар беру.	Педагог-	Хаттама №

	мамандығым»					психологтар	
14	«Жанжал және оны шешу»	Сынып сағаты	10-сынып	Қазан	Оқушылардың ашу-ызаға толы сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға үйрету.	Педагог-психологтар	Хаттама №
15	«Ертенге жол. Кәсіби өзін-өзі анықтау»	Сынып сағаты	11-сынып	Қазан	Кәсіби ой-ниетті дамыту	Педагог-психологтар	Хаттама №
16	«Репродуктивті денсаулық»	дәріс	8-11 класс	Қараша	Репродуктивті саулықты сақтау мен нығайту	Педагог-психологтар	Хаттама №
17	«Неге мектепке бару керек-жана мәртебені түсіну».	Сынып сағаты	1-сынып	Қараша	Оқушының мектеп ережелері мен дағдыларын қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
18	«Өзіңізді біліңіз»	Сынып сағаты	2-сынып	Қараша	Оқушының «менін» қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
19	«Сенімділік күш береді»	Психологиялық сабақ,тренингтер	5-7 класс 8-11 класс	Жыл бойына	Олимпиада резервтеріне және «Зерде», «Дарын» жобаларына қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету	Педагог-психологтар	Хаттама №
20	«Біздің күшіміз - достық пен татулық»	Сынып сағаты	3-сынып	Қараша	Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым-қатынасын нығайту.	Педагог-психологтар	Хаттама №
21	Стресс. Стресстен шығу жолдары.	Сынып сағаты	4-сынып	Қараша	Оқушыларға стресс ұғымы туралы түсінік беру	Педагог-психологтар	Хаттама №
22	«Мамандықтар әлеміне саяхат»	Сынып сағаты	5-сынып	Қараша	Мамандық туралы түсінік беру, оқушыларға қолдау көрсету, жоспарларын анықтау, мамандық тандаудың қыр - сырларын меңгерту	Педагог-психологтар	Хаттама №
23	«Бейбітшілік кілемі»	Сынып сағаты	6-сынып	Қараша	"бақытты өмір" ұғымының мағынасы арқылы оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктерін тереңдету.Қақтығыстардың алдын алу	Педагог-психологтар	Хаттама №
24	«Қарым-қатынас әдебі, қолсұғушылықтан сақтан»	Сынып сағаты	7-сынып	Қараша	Жыныстық қол сұғылмаушылық. Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас ережелері.	Педагог-психологтар	Хаттама №
25	«						
26	«Бақытынды балаңнан ізде»	Ата-аналар жиналысы	1-11 класс	Желтоқсан	Ата-аналарға отбасы құндылықтарын бала бойына сіңіруге бағыт-бағдар беру	Педагог-психологтар	Хаттама №
	«Мен өзімді мақтан тұтамын»	Сынып сағаты	8-сынып	Желтоқсан	Өзіне деген жағымды қарым-қатынасты дамыту; Өзгені	Педагог-психологтар	Хаттама №

					құрметтеуге баулу		
27	««Көше күтпеген оқиғаларға толы»	Сынып сағаты	9-сынып	Желтоқсан	Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс - жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Есеюдің жолын көрсету	Педагог- психологтар	Хаттама №
28	Өмір құндылықтарын бағалайық!	Сынып сағаты	10-сынып	Желтоқсан	оқушылардың өмір құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.	Педагог- психологтар	Хаттама №
29	«Өмір бояулары»	Сынып сағаты	11-сынып	Желтоқсан	оқушылардың психологиялық құзыреттілігін көтеру	Педагог- психологтар	Хаттама №
30	«Мінез-құлық мәдениеті»	Сынып сағаты	1-сынып	Қаңтар	Оқушылардың мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту. Мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету. Жаксы мінез қалыптастыруға ықпал ету.	Педагог- психологтар	Хаттама №
31	«Қарым-қатынас ерекшеліктері»	Сынып сағаты	2-сынып	Қаңтар	Жағымды қарым-қатынас орнату туралы оқушылардың түсінігін кеңейту.	Педагог- психологтар	Хаттама №
32	«Жоқ» деп айтып үйрен»	Сынып сағаты	3-сынып	Қаңтар	Келенсіз жағдайлардың алдын алуға үйрету.	Педагог- психологтар	Хаттама №
33	«Қауіп дегеніміз не?»	Сынып сағаты	4-сынып	Қаңтар	Қауіп және оны болдырмау жолдарын көрсету, ұғындыру.	Педагог- психологтар	Хаттама №
34	«Мен стрессті басқарамын»	Сынып сағаты	5-сынып	Қаңтар	Жасөспірімдер арасында жанжалды болдырмау, алдын алу.	Педагог- психологтар	Хаттама №
35	«Қарым-қатынас жүпиялары»	Сынып сағаты	6-сынып	Қаңтар	Айналадағы адамдармен, қоршаған ортамен жағымды қарым-қатынас орнату.	Педагог- психологтар	Хаттама №
36	«Мейірімділік-асыл қасиет»	Сынып сағаты	7-сынып	ақпан	«Мейірімділік» қасиетінің адам өміріндегі маңыздылығын ұғындыру.	Педагог- психологтар	Хаттама №
37	«Кибербуллингтің алдын алу»	Сынып сағаты	8-сынып	ақпан	Жасөспірімдер арасында сөзбен, чаттармен қорлау, жәбірлеудің алдын алу.	Педагог- психологтар	Хаттама №
38	«Кибербуллингтің алдын алу»	Сынып сағаты	9-сынып	ақпан	Жасөспірімдер арасында сөзбен, чаттармен қорлау, жәбірлеудің алдын алу.	Педагог- психологтар	Хаттама №
39	«Кікілжіңдерді тану және оны шешу жолдары»	Сынып сағаты	10-сынып	ақпан	Келенсіз, шиленіс жағдайлардың алдын алу, шешу жолдарын көрсету	Педагог- психологтар	Хаттама №
40	«Адам нені бағалауы керек»	Сынып сағаты	11-сынып	ақпан	Өмір құндылықтары туралы	Педагог-	Хаттама №

					оқушылардың ой өрісін кеңейту	психологтар	
41	«Бала болашағына жол ашайық»	Ата-аналар жиналысы	9,11 класс	Наурыз	Ата-аналарға бала болашағы мамандық таңдау туралы ұсыныс беру	Педагог-психологтар	Хаттама №
42	Мен мектеп оқушысымын.	Сынып сағаты	1-сынып	сәуір	Оқушының мектеп өмірінде оқушы болып толық қалыптасқанын білу	Педагог-психологтар	Хаттама №
43	«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен!»	Сынып сағаты	2-сынып	сәуір	Оқушыларды адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, жаман әдеттен аулақ болу керектігі туралы біліктерін қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
44	«Жанжал дегеніміз не?»	Сынып сағаты	3-сынып	сәуір	Әртүрлі шиеленістердің алдын алу, түсіндіру.	Педагог-психологтар	Хаттама №
45	«Эмоциялар және сіздің көңіл-күйіңіз»	Сынып сағаты	4-сынып	сәуір	«Эмоция», «сезім», көңіл күй туралы түсініктерін кеңейту	Педагог-психологтар	Хаттама №
46	Мен және менің денемнің шекаралары	Сынып сағаты	5-сынып	сәуір	Өз денелерінің шекаралары туралы түсінік қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
47	«Өзін-өзі бағалау айналары»	Сынып сағаты	6-сынып	сәуір	тұлғаның өткен тәжірибесін жалпылау және өзінің «Мен»-іне жаңа ақпарат ұйымдастыруының беру	Педагог-психологтар	Хаттама №
48	«Мінез-құлық мәдениеті»	Сынып сағаты	7-сынып	сәуір	оқушылардың мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту, мінездегі жетістіктер мен міндерді ажырата білуге үйрету, жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Педагог-психологтар	Хаттама №
49	«Эмоционалды интеллектті қалыптастыру»	Сынып сағаты	8-сынып	сәуір	Эмоционалды интеллекттің адам өміріндегі орнын ашып көрсету, қалыптастыру	Педагог-психологтар	Хаттама №
50	«Қарым-қатынас стилі»	Сынып сағаты	9-сынып	мамыр	оқушылардың өзара қарым – қатынастарын (отбасында, аулада, сыныпта, мектепте, ұжымда) сыйластыққа сүйіспеншілікке құруға үйрету.	Педагог-психологтар	Хаттама №
51	«Өмір құндылықтарын бағалайық!»	Сынып сағаты	10-сынып	мамыр	оқушылардың өмір құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.	Педагог-психологтар	Хаттама №
52	«Менің жетістігім менің нәтижем»	Сынып сағаты	11-сынып	мамыр	Оқушылардың өзін - өзі анықтай алуына, алдына қойған мақсатына психологиялық жағынан көмек беру, жас жеткіншектердің болашақта тұлғалық дамуына жол ашу.	Педагог-психологтар	Хаттама №

53	«Жазғы демалысты тиімді пайдалана білейік»	жадынама	1-11 класс	Мамыр	Оқушылардың жазғы демалысты тиімді пайдалану, жадынама	Педагог-психологтар	Хаттама №
IV. Консультация беру							
1	Оқушылар	Жартылай құрылымдық сұхбат	Анықталған оқушылар	Жыл бойы	Диагностика қорытындысы бойынша жартылай құрылымдық сұхбат; сұраныс бойынша	1-11 кл	Хаттама №
2	Ата-ана	Сұхбат, кеңес ұсыныстар	1-11 кл	Жыл бойы	Диагностика қорытындысы бойынша; Мобильді топтың шешімі бойынша. Сұраныс бойынша. Мемлекеттік емтиханға дайындық.	Педагог-психологтар	Хаттама №
3	Педагог	Сұхбат, кеңес ұсыныстар	1-11Кл	Жыл бойы	Диагностика қорытындысы бойынша; Сұраныс бойынша	Педагог-психологтар	Хаттама №
V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс							
1	Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін жүзеге асыру үшін материалдарды іріктеу	Әдістемелер банк	Жинақтау.	Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.	Педагог-психологтар	Хаттама №
2	Психологтың ақпараттық стендінде Сенім телефондары, мектептің Сенім поштасы туралы ақпаратты хабарлау және орналастыру.	хабарламалар	Түсуіне қарай	Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету	Педагог-психологтар	Хаттама №
3	ППК-қатысу	Консилиум		Жыл бойы	Нәтиже Кәсіби деңгейін көтеру, дамыту	Педагог-психологтар	Хаттама №
4	Педагогтың өз білімін жетілдіру, көтеру	Өзіндік білім жетілдіру	Конференциялар, семинарлар	Жыл бойы	Оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету	Педагог-психологтар	Хаттама №
5	«Социально-психологическая готовность подростков к самостоятельной жизни»	Қалалық семинар	Тәжірибе тарату	қараша	Жасөспірімдердің тәуелсіз өмірге әлеуметтік-психологиялық дайындығы тақырыбында тәжірибе алмасу	Педагог-психолог Ольга М.Г	ҚББ ақпарат беру
VI. Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер							
1	Жарты жылдық есеп / Жылдық есеп	SWOT-талдау		Жыл бойы	Психологиялық қызмет бағыттары бойынша	Педагог-психологтар	Хаттама №
2	Педагогикалық-	1,5,10,9,11	ППК	Жоспарлы	(«Қауіпті топ» бойынша моб.топ	Педагог-	Хаттама №

	психологиялық консилиум			түрде	отырысы қорытындысы); « 1 кл., 5 кл., 10кл., бейімделу қиындығы» бойынша қорытынды; тоқсандық және жоспардан тыс «Қауіпті топ» бойынша моб.топ қорытындысы; Ерекше назар мен оқытуды талап ететін білім алушыларға психологиялық қолдау (тоқсандық) көрсету нәтижесі бойынша ППК	психологтар	
--	-------------------------	--	--	-------	---	-------------	--

Педагог-психолог:

 Сисенғалиева Б.М
 Олыто М.Г.